

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 325-327

ҚАЗАҚТЫҢ ЕТТІ-ЖҮНДІ БИАЗЫЛАУ ЕРКЕК ТОҚТЫЛАРЫНЫҢ АТАЛЫҚ ІЗІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ

*С.К. Шауенов, Е.И.Исламов,
Д.К. Ибраев, Е. Әлібек*

Еліміздегі нарықтық экономика жағдайында биязы және биязылау қой тұқымдарының үлесінің кемуі, қой еті мен жүн бағасының арасындағы қайшылық пен биязы және биязылау жүнді қойлардың орнына етті, етті-майлы тұқымдарға басымдылық беруден. Сондықтан, қазіргі уақытта қой шаруашылығы саласының негізгі мақсаты ет өнімділігін арттыруды көздейді, яғни осы саладағы отандық мамандардың және ғалымдардың негізгі жұмысы етті бағыттағы қой тұқымдарымен қатар етті-жүнді қой шаруашылығын дамытуға бағытталуда [1]. Шет елдерде өнімділігі бойынша етті-жүнді бағытта өсірілетін алуан түрлі қой тұқымдары мен типтері бар. Қой шаруашылығы саласының тиімділігін арттырудағы бір тәсілі осы етті-жүнді бағыттағы импортты қой тұқымдарының қарқынды генетикалық әлеуетін пайдалану және етті бағыттағы қой тұқымы аталық іздерін жетілдіру, яғни қой тұқымдарының өнімділік сапасын жақсарту [2].

Тәжірибелік жұмыс Жамбыл облысы «Батай-Шу» ЖШС қазақтың етті-жүнді қой тұқымының әртүрлі аталық іздеріне жататын еркек тоқтылардың ет өнімділігі мен сапасын анықтау бағытында жүргізілді. Аталған шаруашылықта өсірілетін қазақтың етті-жүнді биязылау қойларының 2011 жылы №104 біріктірілген, №923/24 – көп төлді, №08568 – тығыз жүнді қошқарларының аталық іздері бекітілген [3]. Осы аталық іздерінің еркек тоқтыларын енесінен бөлінгеннен кейін үш ай жайып семіртуден кейінгі сойыс көрсеткіштері анықталды. Тәжірибедегі еркек тоқтылар үш топқа топтастырылды: I-топ – біріктірілген; II – топ - тығыз жүнді және III топ көп төлді қошқарлардың аталық іздері ұрпақтары [4]. Тәжірибедегі енесінен айырылған еркек тоқтылар 90 күн бойы бірдей жағдайда жайылып семіртуде болды. Тоқтылардың абсолюттік және тәуліктік өсу барысын бақылау мақсатында оларды жайып семірту барысында және әр айда, яғни үш рет таразыға өлшенді. Тоқтылардың 7 айлық жасындағы ет өнімділігін бақылау үшін ВИЖ (1978) әдістемесі пайдаланылды. Тәжірибелік союға әр топтан үш бастан, барлығы 9 бас еркек тоқты алынды. Ізденіс барысында тәжірибедегі еркек тоқтылардың салмақ көрсеткіштері (өлшемдері) Excel компьютерлік бағадарламасын пайдалану арқылы биометриялық өңделді.

Малдарды өсіру, семірту барысында олардың тірі салмағы мен тез жетілгіштігі еттілік мүмкіндігіне әсер етеді. Қазақтың етті-жүнді қой тұқымы тау етегі және шөлейт жайылым жағдайында жақсы еттілік қасиетімен

ерекшеленетін қой тұқымдарының бірі. Сондықтан біздің тәжірибедегі еркек тоқтылардың да қанағаттанарлық абсолютті және тәуліктік салмақ қосуы байқалды. Атап айтқанда аталық іздеріне байланысты тоқтылардың тірі салмағы 11,3-14,6 кг немесе 38,3-45,6% жоғарылады. Ал тәуліктік салмақтары сәйкесінше 125,6-162,2 г мөлшерінде болды (1-кесте).

Кесте 1 – Еркек тоқтылардың семірту барысындағы салмақ өзгергіштігі

Аталық іздері	Тірі салмағы, кг		Салмақ қосуы		
	Тәжірибе басында	Тәжірибе соңында	Абсолютті, кг	Тәулігіне, г	Салыстырмалы, %
I (біріктірілген)	32,0±0,34	46,6±0,88	14,6	162,2	145,6
II (тығыз жүнді)	30,4±0,32	42,4±0,96	12,0	133,3	139,5
III (көптөлді)	29,5±0,28	40,8±1,06	11,3	125,6	138,3

Тәжірибе мерзімінде I (біріктірілген) топ еркек тоқтылары 14,6 кг абсолютті және 162,2 г тәуліктік салмақ қосқаны байқалды, яғни II және III топ еркек тоқтыларынан 2,6 -3,3 кг немесе 6,1-7,3% жоғары салмақ қосқаны анықталды. Тәжірибедегі еркек тоқтылардың еттілік қасиетін толығырақ зерттеу үшін олардың сойыс көрсеткіштері де зерттелді.

Жайып семіртілеген 7-7,5 айлық еркек тоқтылардың сойыс көрсеткіштері 2-кестеде келтірілді.

Кесте 2 – Еркек тоқтылардың сойыс көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Аталық іздер		
	I топ	II топ	III топ
Сояр алдындағы салмағы, кг	45,5±0,81	41,4±0,73	40,0±0,96
Ұша салмағы, кг	22,6	20,0	18,8
Ұша шығымы, %	49,7	48,3	47,0
Iш майы, кг	0,75	0,60	0,52
Iш майының шығымы, %	1,65	1,45	1,30
Сойыс салмағы, кг	23,35	20,60	19,32
Сойыс шығымы, %	51,30	49,80	48,30

Жайып семірту нәтижесі бойынша I-топ тоқтылары II және III-топ тоқтыларынан сояр алдындағы салмағы бойынша 4,1-5,0 кг немесе 9,9-13,8% жоғары болды. Сонымен қатар осы I-топ еркек тоқтылары дене бітімінің толық жетілген еттілік белгілерімен ерекшеленді, яғни тегіс жетілген жотасымен, кең және терең кеуделігімен, жұмырланған бөксесімен т.с.с.

Сондықтан бұл топтың еркек тоқтыларының ұша салмағы мен сойыс салмағы да қатарлас ІІ және ІІІ-топ тоқтыларынан 2,6-3,8 және 2,75-4,0 кг немесе 1,4-2,7 және 1,5-3,0% басым болды. Сойыс шығымы топтар бойынша 51,3; 49,8 және 48,30% құрады.

Қазақтың етті-жүнді биязылау еркек тоқтыларын енесінен айырғаннан кейін 7-7,5 айлық жасына дейін өсімдігі мол жайылымда бағу тиімді болғаны анықталды. Оның үстіне тәжірибедегі еркек тоқтылардың өсу және ет өнімділігін аталық іздеріне байланысты жекелеген есеп жүргізу барысында І-топ, яғни біріктірілген аталық із тоқтыларының басымдылығы байқалды. Сондықтан шаруашылықта жас қой етін өндіру қажеттілігі болған жағдайда осы І топ еркек тоқтылары санын көбейту және жайып семіртуді жоспарлау қажет деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Есенғалиев К. Рост и развитие мясошерстного молодняка разного происхождения // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2011. – №2. – С. 61-63.
2. Partida J.A., Vazquez E., Rubio M.S., Mendez D. Effect of Breed of Sire on Carcass Traits and Meat Quality of Katahdin Lambs // Journal of Food Research. – 2012. – Vol.1. – P. 141-149.
3. Шәуенов С.К., Исламов Е.И., Манап Ү. Қазақтың етті-жүнді биязылау қойларының тұқымдық сапасы және жүн өнімділігі // С.Сейфуллин ат. ҚазАТУ «Ғылым жаршысы». – 2013. – №1. – Б. 89-94.
4. Шәуенов С.К., Нарбаев С., Жанарыстанова С. Қазақтың етті-жүнді биязылау қойларының өсіп-дамуы және еттілік қасиеттері // С.Сейфуллин ат. ҚазАТУ «Ғылым жаршысы». – 2013. – №1. – Б. 58-68.